

## Дүниежүзі тарихы

### **§25. 1861-1865 жылдардағы Азамат соғысы және АҚШ-тағы Қайта Құрылымдау кезеңі.**

XIX ғасырдың екінші жартысында АҚШ-тың Өнеркәсібі Солтүстікте дами бастағанда, оңтүстік аграрлық болып артта қалды. Алайда АҚШ-ты басқару бұрынғыдай оңтүстік штаттардың қолында болды. Бұл солтүстіктің наразылығын тудырды. Құл еңбегін қолданушы Плантаторлар мен жаңа аумақтағы (солтүстіктегі) Фермерлер арасында келіспеушіліктер басталды. Құлдыққа қарсы шығушылар мен жақтаушылар арасында қарулы қақтығыстар белең алды.




# Оқу мақсаттары:


1. Трансатлантикалық құлдықтың ерекшеліктерін анықтау;
2. АҚШ-тағы құлдықтың жойылу жолдарын сараптау;
3. Түрлі мемлекеттердің өнеркәсіптік даму сатысына өту процесінің ерекшеліктерін анықтау;
4. Тәуелсіздік үшін соғыстың алғышарттарын талдау




# Тарихи тұлғаларды таны




# Оқиғаны зертте



# Тарихи тұлғаларды таны



Авраам Линкольн — Америка мемлекет қайраткері, [АҚШ](#)-тың 16-шы Президенті (1861-1865) және Республикалық партиядан американдық құлдарды бірінші азат етуші, америка халқының ұлттық батыры.



Джефферсон Финис Дэвис — американдық әскери және саясат қайраткері, АҚШ Азаматтық соғыс кезіндегі Американың Конфедеративті Штаттарының жалғыз және бірінші президенті.



# Сабақтың маңызды ақпараты:

**Нәсілдік Сегрегация** — Халықтарды нәсілдік белгілеріне қарай топтарға бөлу саясаты

**Құлиеленушілік** — Адам еңбегін қанау, мәжбүрлеп жұмысқа жегу, ақысын бермеу.  
Адамды өз иелігі ретінде көру, Оны сату, сатып алу


**Азамат соғысы** — мемлекет ішіндегі әлеуметтік топтар мен таптар, діни ағымдар мен кландар арасындағы өкімет билігі жолында жүргізетін қарулы күрес

**Гомстедтер туралы заң**— 21 жасқа жеткен әрбір АҚШ азаматы 65 га аспайтын жер учаскесін ақысыз алуға құқылы болды. Бес жылдан кейін жер иесі жер учаскесіне қатысты шексіз құқықтар алды. Бұл акт жартысынан артығын фермерлерден тұратын солтүстіктердің әскерінің рухының өсуіне жағдай жасады. Бұл акт оңтүстіктегі құлдыққа тағы бір соққы жасады.


**Сеператизм** — жікшілдік, оңашалануға тырысушылық. Халықтың мемлекеттен бөліну әрекеті сепаратизм деп түсіндіріледі



# Зерттеу сұрағы: АҚШ-тағы құлдық қалай жойылды?



1860 жылы күзде А. Линкольн Президенттікке сайланды. Оның саясаты құлдыққа қарсы болған еді. 1860 жылы Оңтүстік Королина штататы өзінің одақтан кететіндігін жариялады. Нәтижесінде 1861 жылы ақпанда 11 Оңтүстік штат жаңа мемлекеттің Америка штаттары Конфедерациясының құрылғандығын жариялап, Президенттікке ірі плантатор Джеферсон Дэфисті сайлады. Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы бірінші қақтығыс 1861 жылы 12 сәуірде болды.



## Азамат соғысы барысы



1861-1865 жылдары соғыс өте қатал және қантөгісті болды. 1861 жылы Оңтүстік жеңді. Өйткені күшті әскери дайындыққа ие болды. Ал Солтүстіктегі бетбұрыс А.Линкольннің соғысты жүргізудің «Революциялық әдісіне» көшуі еді. Екі маңызды заң қабылданды:

1. Гомстедтер туралы заң (1862)
2. Құлдарды азат ету актісі.(1862)

Бұл заңда 1863 жылғы қаңтардан бастап барлық құлдарды ерікті деп жариялады. Сондықтан оңтүстіктегі құлдар солтүстіктегі федералды әскердің құрамында қызмет етуге шықты.





# Азамат соғысы нәтижесі

**Улисс Симпсон Грант** — АҚШ-тың әскери және саяси қайраткері. 1846-1848 жылы АҚШ-тың Мексикаға қарсы басқыншылық соғысына қатысты. 1861-1865 жылдары Азамат соғысы кезінде солтүстіктегілердің полк командирі, федералдық армияның қол басшысы болып, оңтүстіктегі құл иеленушілерді жеңуде көп еңбек етті. 1869-1877 жылдары АҚШ-тың президенті. Грант ірі буржуазияның саясатын жүргізді. Қара нәсілділерге сайлау құқығын беруді жақтады, бірақ құлдарға жер беруді қолдамады.



1864 жылы солтүстіктің бас қолбасшысы болып генерал **У.Грант** тағайындалды. Оның әскері Конфедерацияның астанасын қоршап алды. 1865 жылы оны иеленді. Оңтүстіктер жеңіліс тапты.

Нәтижесінде:


- АҚШ-тың үлкен аумағында ауылшаруашылықтың фермерлік дамуының жеңісі байқалды;
- Құлдықты болдырмау
- Батыстағы аграрлық мәселелерді демократиялық жолмен шешу
- АҚШ-тың тәуелсіздігі одан әрі нығая бастады




# Оңтүстік

- Плантациялық шаруашылық (мақта, темекі, қант қызылшасы т.с.с.)
- Құл еңбегінің қолданылуы
- Қоғамда «Құл саудасын» қолдау
- Құлдардың көтерілісі. Олардың Солтүстікке және Канадаға қашуы
- Федерализмге ұмтылыс

1828 ж. Демократтар  
партиясы



Юг



Север

# Солтүстік

- Еркін Еңбек
- Фермерлік шаруашылық
- Капиталистік қатынастардың дамуы
- Өнеркәсіп төңкерісі
- Құлдық жүйеге қарсы
- Орталықтан басқарылу үшін күрес

1854 ж.  
Республикашылар  
партиясы



# Оңтүстіктің қайта құрылымдалуы (1865-1877)


Оңтүстікті қайта құрылымдау жүзеге аса бастады. Басты мақсаттарының бірі бұрынғы құлиеленушілердің билігін шектеу, буржуазиялық-демократиялық жүйеге көшу болды. Бірақ қайта құрылымдау өз мақсатына жетпеді. Плантация иелері кедергі болып, қара нәсілділерге қарсылаңкестік КУ-КЛУКС-КЛАН ұйымын құрды. Бұлар қара нәсілділер мен жақстастарын өлтірді.

1890-1910 жыл аралығында Оңтүстік штаттардағы құлдарды құқықтарынан айырған заңдар қабылдады. Қоғамдық жерлер мен өндіріс орындарында нәсілдік бөлектеу болды. Қайта құрылымдаудың басты нәтижесі Оңтүстікте капиталистік қатынастардың дамуы және кең етек жаюы үшін жағдай жасалды



# АҚШ-тың өнеркәсіптік өркендеуі мен дамуы

Азамат соғысы аяқталған соң АҚШ-та көп өзгерістер болды. Мемлекет Аграрлық Республикадан индустриялық державаға айналды. АҚШ тұрғындары 31 млн нан 76 млн ға өсті. Ірі өнеркәсіптік қалалар көбейлі. Одақ құрамына 12 жаңа штат қабылданды. Жылдам экономикалық даму басталды. АҚШ-тың ХІХ ғасырдың соңындағы жылдам дамуы елдің жүзжылдықта болып көрмеген экономикалық өсудің бастамасы болды.



# Испан-Америка соғысы

**ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Батыс жартышарда Америкаға тек Испания ғана қарсы тұрды. 1898 жылғы Испан-Америка соғысы нәтижесінде АҚШ Пуэрто-Риконы, Гуам аралын, Филиппинді, Кубаны басып алды.**

**Қорыта айтқанда АҚШ Испанияға тиесілі отарларды алып бүкіл дүниежүзіне үстемдік жасайтын держава дәрежесіне жетті. Сонымен қатар Қытайдың әлсірегенін пайдаланып шабуылдарды бастады, күшпен Жапонияны ашып, оны «оқшаулану» саясатынан бас тартуға шақырды.**



# Тапсырма

1. АҚШ-та азамат соғысы болған жылдар:
2. 1860 ж. АҚШ-та президенттік сайлауда бір-біріне қарсы тұрған партиялар:
3. 1860 ж. АҚШ президенті болып сайланған және құл иеленушілікті жоюды жақтаушы:
4. АҚШ тарихындағы ең қантөгісті соғыс
5. 1861-1865 ж. АҚШ-тағы азамат соғысының басты тарихи маңызы:



# Видеолар

1. Авраам Линкольн

<https://youtu.be/26Gh45VBbNI>

2. Азамат соғысы АҚШ

<https://youtu.be/Xe1X8EXk6H8>

3. РЕСПУБЛИКАНЦЫ и ДЕМОКРАТЫ - в чем разница?

<https://youtu.be/5dAOUYyqi4U>



# Сілтемелер

## 1. Трансатлантикалық құл саудасы

<https://kk.eferrit.com/%D1%82%D1%80%D0%B0%D0%BD%D1%81%D0%B0%D1%82%D0%BB%D0%B0%D0%BD%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D0%BB%D1%8B%D2%9B-%D2%9B%D2%B1%D0%BB-%D1%81%D0%B0%D1%83%D0%B4%D0%B0%D1%81%D1%8B/>

## 2. Авраам Линкольн

[https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%B2%D1%80%D0%B0%D0%B0%D0%BC\\_%D0%9B%D0%B8%D0%BD%D0%BA%D0%BE%D0%BB%D1%8C%D0%BD](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%B2%D1%80%D0%B0%D0%B0%D0%BC_%D0%9B%D0%B8%D0%BD%D0%BA%D0%BE%D0%BB%D1%8C%D0%BD)

## 3. Дүниежүзі тарихы пәнінен сұрақтар

[http://megamozg.kz/index.php?page=view\\_mat&id=1275&partition=other&subpartition=articles\\_historyworld](http://megamozg.kz/index.php?page=view_mat&id=1275&partition=other&subpartition=articles_historyworld)

## 4. Америкадағы азамат соғысы — Уикипедия

[https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%BC%D0%B5%D1%80%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D0%B4%D0%B0%D2%93%D1%8B\\_%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D0%BC%D0%B0%D1%82\\_%D1%81%D0%BE%D2%93%D1%8B%D1%81%D1%8B](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%BC%D0%B5%D1%80%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D0%B4%D0%B0%D2%93%D1%8B_%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D0%BC%D0%B0%D1%82_%D1%81%D0%BE%D2%93%D1%8B%D1%81%D1%8B)

## 5. Конфедеративные Штаты Америки — Википедия

[https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%BE%D0%BD%D1%84%D0%B5%D0%B4%D0%B5%D1%80%D0%B0%D1%82%D0%B8%D0%B2%D0%BD%D1%8B%D0%B5\\_%D0%A8%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%8B\\_%D0%90%D0%BC%D0%B5%D1%80%D0%B8%D0%BA%D0%B8](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%BE%D0%BD%D1%84%D0%B5%D0%B4%D0%B5%D1%80%D0%B0%D1%82%D0%B8%D0%B2%D0%BD%D1%8B%D0%B5_%D0%A8%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%8B_%D0%90%D0%BC%D0%B5%D1%80%D0%B8%D0%BA%D0%B8)

